

Исаев Мухтар Сеитханулының «Болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлау әдістемесі» атты тақырыпта 6D011400 – Тарих мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациялық жұмысына ресми рецензент Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты Болат Сағидоллаұлы Жұмағұловтың

ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы Ғылыми және жалпы Мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы

Еліміздің жоғары білім беру жүйесінің негізгі мақсаты - білім беру жүйесі құрылымдарындағы оқу-тәрбие үдерісінің өзгерісіне сәйкес педагогикалық даярлықты меңгерген болашақ маман даярлау. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: «білім беру жүйесін жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету, білім беруді дамытудың мониторинг жүйесін жетілдіру, оның ішінде халықаралық талаптарды ескере отырып, ұлттық білім статистикасын құру, еліміздің әлеуметтік-экономикалық бүгінгі қоғам талаптарына лайықты сапалы мамандар даярлау» - деп атап көрсетілген. Сондай-ақ білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары Халықаралық білім берудің озық тәжірибелері негізінде жетілдірілуде (2012, 2016 ж.). Еліміздің білім беру мазмұнының жетілдірілуі, оны жүзеге асыратын маман кадрларды даярлауға өзіндік ықпал етуде.

Сондай-ақ, білім беру мазмұнындағы қоғамдық тапсырыстар тұрғысынан орын алған өзгерістер, болашақ мұғалімдерді даярлауда міндетті көрініс табуы тиіс. Солардың бірі – «Мәңгілік Ел» идеясы құндылықтарын педагогикалық үдеріске енгізу.

М.С.Исаевтың «Болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлау әдістемесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауларында негізделген жалпыұлттық идеяны оқу-тәрбие ісінде жүзеге асыруда басшылыққа алуға бағытталған. Диссертациялық жұмыста зерттеу бағытына байланысты ғылыми мәнді талдаулар жасалған.

Тақырып мемлекеттік бағдарламаны іске асыруға арналғандықтан да онда көтерілген мәселелерді ғылыми негіздеуге басымдық берілген. Өйткені, тәуелсіздік жағдайында дүниеге келген осы ұлттық идея тарих мазмұнымен тығыз байланысты болғандықтан болашақ тарих мұғалімінің қоғамымыздағы құндылықтық мәселені игеріп, оны күнделікті тәжірибесінде қолдана алуы маңызды. Аталған құндылықтарды жас ұрпақтың санасына сіңірудің әдіс-тәсілдерін негіздеу қазіргі кезде күн тәртібіне өткір қойылып отыр. Диссертациялық жұмыста жасалынған тұжырымдар мен ұсыныстардың

колданбалық маңызы жоғары. Сонымен бірге аталған құндылықтарды тарих материалдары негізінде оқу үдерісіне ендіру туралы автордың ғылыми тұрғыдан жасаған ұсынысын орынды деп бағалауға болады.

2. Диссертацияға қойылатын (ғылыми дәрежелер беру ережелерінің 9-10 тармағында және Ғылыми қызметкерлердің тиісті мамандықтарының төлқұжаттарында) талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері

Зерттеу жұмысының барысында автор төмендегідей ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

1. Болашақ тарих мұғалімдеріне «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға ЖОО кәсіби базалық пәндерінің және оны маман ретінде білім беру жүйесінде оқытуға даярлығын қамтамасыз етуге әдістемелік пәндердің мүмкіндіктері анықталған;

2. «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға болашақ тарих мұғалімдерін даярлаудың теориялық негіздері Қазақстан тарихы пәні мен оны оқытудағы педагогикалық үдеріс мазмұны тұрғысынан айқындалған;

3. Маман даярлауды моделдеуді жүзеге асырудың, болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлаудың педагогикалық шарттары жоғары оқу орнындағы педагогикалық жүйе тұрғысынан анықталған;

4. «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға болашақ тарих мұғалімдерін даярлау әдістемесі педагогикалық іскерліктерді қалыптастыру тұрғысынан негізделген;

5. Болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлау әдістемесінің тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерістен өткізілген.

3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі

Ғылыми нәтижелердің дәлелдігі мен негізділігін мына көрсеткіштерден байқауға болады: теориялық-әдіснамалық және практикалық тұрғыда дәлелденуімен, зерттеу мазмұнының ғылыми аппаратқа сәйкестілігімен, зерттеу мақсатына, міндеттеріне, нысанына, пәніне сәйкес кешенді әдістердің қолданылуымен, теориялық тұжырымдарының нәтижелілігімен, эксперименттен алынған нәтижелердің болашақ тарих мұғалімдерінің «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлау әдістемесін жүзеге асыратын жоғары оқу орындарында, оның ішінде тарихшы педагогтарды даярлайтын факультеттер мен бөлімдерде қолданылуымен қамтамасыз етілген.

Бірінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы зерттеу тақырыбына сәйкес философиялық, тарихи, психологиялық және педагогикалық әдебиеттерді, ғылыми-зерттеу жұмыстарын, мұрағат құжаттарына талдау жасау негізінде жоғары оқу орнында тарих мұғалімдерін даярлаудың тарихы мен әдіснамалық мәселелері тұрғысынан дәйектелген;

болашақ тарих мұғалімдеріне «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту маман даярлаудың мазмұнын оқыту, зерделеу, оқу жұмыстарын ұйымдастыру тұрғысынан анықталған;

Екінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуды жүзеге асыратын педагогикалық үдерістің құраушылары (оқыту максатын, мазмұнын, әдістері мен тәсілдерін,) және оның қатысушылары (педагог пен оқушы) тұрғысынан сипатталған; Қазақстан тарихы пәнін оқытудың әдістемелік ерекшеліктері мен оны оқытуға мұғалімнің іскерліктері тұрғысынан нақтыланған;

Үшінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы болашақ тарих мұғалімдерінің «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту бойынша даярлығын қалыптастыру моделі құрылымындағы максатты, мазмұндық, ұйымдастыру-іс-әрекеттік, бағалау-нәтижелілік блоктардың педагогикалық жүйе құраушыларын (максаты, мазмұны, оқытуды ұйымдастыру формалары мен әдістері, нәтижесі) анықтау мен оқу-тәрбие үдерісін жүзеге асыруға бағдар беру тұрғысынан дәйектелген; теориялық моделдеуді жүзеге асырудың педагогикалық шарттарын дәйектеумен анықталған.

Төртінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлығын қалыптастыру әдістемесі: зерттеп отырған даярлық құраушыларын (білім, іскерлік және жеке тұлғалық сапаларды) теориялық тұрғыдан анықтау және оны оқу-тәрбие үдерісінде жүзеге асыруды мазмұндаумен, болашақ тарих мұғалімдерінің «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту бойынша даярлығы деңгейлерінің жоғарылауын қамтамасыз етумен дәйектелген.

Бесінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы ұсынылған әдістеменің тиімділігі болашақ тарих мұғалімдерін даярлайтын жоғары оқу орындарында жүргізілген тәжірибелік-эксперимент жұмысымен дәлелденген; шығарылған қорытындылар сенімді дәйектелген және ұсыныстар ғылыми тұрғыдан негізделген.

4. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі

Зерттеу жұмысының нәтижесінде ізденушінің жасаған тұжырымдары мен шығарған қорытындыларының жаңалықтары бар. Олар төмендегідей:

1 - *нәтиже жаңа* болып табылады, өйткені болашақ мұғалімдерді, оның ішінде тарих мұғалімдерін даярлау (мазмұнын) тарихын зерделеу білім беру мазмұнын жетілдіру көп жағдайда идеологиялық мәселені, озық тәжірибелерді енгізу, қоғамның білім беруге сұраныстарын қамтамасыз ету тұрғысынан жүзеге асырылғандығын көрсетеді; «Мәңгілік Ел» идеясы құндылықтарын болашақ тарих мұғалімдеріне оқыту жетілдірілген білім беру бағдарламалары, оның ішінде жекелеген пәндерді оқыту тұрғысынан қамтамасыз етілуімен анықталған;

2 – *нәтижені жаңа* деп есептеуге болады, өйткені болашақ тарих мұғалімдері «Мәңгілік Ел» құндылықтарын білім беру жүйесі құрылымында, оның ішінде мектептегі «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту мазмұны арқылы

жүзеге асыратындықтан, мектептегі педагогикалық үдерістің құраушыларын терең біліп, соған сәйкес педагогикалық іскерліктерді меңгерудің теориялық негіздері айкындалған;

3 - *нәтиже жаңа*. Себебі, болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлаудың педагогикалық шарттарын зерттеп отырған маман дайындаудың ішкі жүйесі – даярлық көрсеткіштерін қамтыған моделді жүзеге асырудың базасы ретінде анықтаған; әзірленген теориялық модельдің әрбір компоненті болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын мектепте толық мәнді оқытуға даярлау үшін бағдар болып табылады және педагогикалық жүйе оның жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді;

4 - *нәтиже жаңа* болып табылады. Болашақ тарих мұғалімдерінің «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлығын қалыптастырудағы педагогикалық іскерліктер және оның құраушылары әдістемелік тұғыдан негізделді. Ұсынылған оқыту мен педагогикалық тапсырмалар мазмұны педагогикалық іскерліктерді қалыптастыру тұрғысынан дәйектелген және алғаш рет ұсынылып отыр;

5 - *нәтиже*. «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға болашақ тарих мұғалімдерін даярлау барысындағы оқыту әдістемесі оқу материалдары мен элементтерін құрылымдық-логикалық байланыстар және оқытуда құндылықтарға басымдық беру тұрғысынан ұсынылуы; зерттеп отырған даярлықты жүзеге асырудың әдістемелік нұсқауының нақтылануы, әдістеменің тиімділігі тәжірибелік жұмыстар тұрғысынан дәлелденуі *нәтиженің жаңа* екендігін көрсетеді.

5. Алынған нәтижелерінің ішкі бірлігінің бағалануы

Диссертациялық зерттеу жұмысының мазмұны докторанттың оқыту теориясы мен әдістемесін жақсы меңгергендігін көрсетеді.

М.С.Исаевтың зерттеу жұмысының нәтижелері ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдейді. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігі зерттеу кезеңдерінің жүйелілігімен және ішкі логикасымен, зерттеудің әр түрлі кезеңдерінде ғылыми-педагогикалық зерттеуде пайдаланған әдістерімен, ғылыми-әдіснамалық аппаратты дәл әрі нақты тұжырымдауымен анықталады.

6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті інешуге бағытталғандығы

Диссертацияға қойылатын талаптар аясында зерттеуден алынған ғылыми нәтижелерді зерделеу, олардың педагогика ғылымының дамуы үшін теориялық және қолданбалы маңыздылығы туралы төмендегідей қорытынды пікірлер айтуға болады:

Теориялық маңыздылығы – қоғамның жедел қарқынмен өзгеруі жағдайында білім алушылардың бағдарын қалыптастыру тұрғысынан «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытудың мүмкіндіктері, ғылыми-педагогикалық негіздері мазмұндалғандығында. Сонымен қатар зерттелін

отырған мәселені оқу үдерісінде пайдаланудың әдістемелік жүйесінің ұсынылуында.

Қолданбалы маңыздылығы – М.С.Исаевтың болашақ тарих мұғалімдеріне арналған «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға бағдарлы даярлау» атты оқу-әдістемелік құралын педагогикалық жоғары оқу орындарында, педагог кадрлар біліктілігін көтеретін институттарда пайдалануға болатынында.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануына растама

Исаев Мухтар Сеитханұлының жарияланған еңбектері Қазақстан Республикасының мерзімді басылымдарында, халықаралық және республикалық, алыс шетел конференция материалдар жинағында жалпы 17 ғылыми жұмысы жарияланған, 1 оқу-әдістемелік құралы жарық көрген. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда 5 мақаласы жарияланған. 2 мақаласы Scopus базасына енетін нөлден жоғары импакт-факторлы ғылыми басылымдарда, Халықаралық және республикалық, алыс шетелдік конференция материалдарында 9 ғылыми мақаласы жарық көрген.

8. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кеткен кемшіліктер

Диссертацияға жоғарыда айтылған жетістіктермен қатар келесі кемшіліктер мен ұсыныстар айтуға болады:

1. Қазіргі таңда құзыретті маман даярлауға бағытталған жұмыстар жргізілуде. Сол себепті де зерттеу жұмысында «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға болашақ тарих мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігі және олардың құраушылары карастырылғанда жұмыстың құндылығы артқан болар еді;

2. Диссертация мазмұнында үрдіс, үдеріс, процесс ұғымдарының бірізді берілуіне және кейбір сөздердің (лекция - дәріс, проблема - мәселе, анализ - талдау және т.б. сөздердің) қазақша аудармасына көңіл аудару кажет еді;

3. Зерттеу жұмысына байланысты тарих мұғалімдерінің құндылықтарды оқыту бойынша ғылыми зерттеулерді кенінен камтып, талдаулар жасау керек еді.

4. Диссертацияның 3.1 тармақшасында калыптастыру әдістемесі бойынша тиімді деп табылған лекция, семинар түрлерін кеңінен сипаттап жазғанда, зерттеу жұмыс бойынша орындалған оқу жұмыстарының дұрыс ұйымдастырылғандығын көрсеткен болар еді;

5. Зерттеу жұмысында болашақ тарих мұғалімінің тек ғана «Қазақстан тарихы» пәні емес, сонымен қатар, «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша құндылықтарды оқыту мүмкіндіктері карастырылуы керек еді.

Алайда, бұл кемшіліктер жалпы алғанда зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелерінің құндылығын төмендетпейді.

9. Тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды.

С.М.Исаевтың 6D011400 – Тарих мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынған «Болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлау әдістемесі» атты диссертациялық жұмысының ғылымилығы, көкейкестілігі күмән келтірмейді. Диссертациялық жұмыс аяқталған, дербес орындалған ғылыми жұмыс болып табылады. Ізденуші міндеттерді нақты қоя білуімен қатар, шешімін де дәлелді көрсете білген.

Сонымен, жоғарыда дәріптелгендердің негізінде ұсынылып отырған ғылыми зерттеудің орындалу деңгейі, теориялық және практикалық маңыздылығы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің «Ғылыми дәрежелерді беру ережелерінің» талаптарына үйлесуін негізге ала отырып, Исаев Мухтар Сеитханұлы 6D011400 – Тарих мамандығы бойынша философия докторы (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:
Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
профессоры, т.ғ.к.,

